

1-бөлім

**Қазіргі кездегі
дипломатия
мәселелері**

Раздел 1

**Вопросы
современной
дипломатии**

Section 1

**Modern
diplomacy
issues**

ӘОЖ 930.22(4/9)

¹К.Н. Макашева*, ²А.М. Хайрулдаева

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,
Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,
Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: m.klara@mail.ru

**Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Қазақстан Республикасының
жария дипломатиясын жүзеге асыру механизмі ретінде**

Қазіргі заман талабы мемлекетті шетелдерге танытуда тек ресми іс-шаралар мен мемлекет басшылары деңгейіндегі қарым-қатынастарды ғана емес, қарапайым қоғам деңгейіндегі ынтымақтастықты дамытуды талап етеді. Сондықтан мемлекет әлемге тек әскери, экономикалық әлеуетімен ғана танылмайды, мәдени, рухани құндылықтарын насихаттау арқылы елдің халықаралық қауымдастықтағы беделі мен абыройын мойындатуы тиіс.

Дүниежүзіне шашырап кеткен қазақтарды біріктіріп отырған дүниежүзі қазақтардың қауымдастығының құрылғанына 20 жылдан асты. Тәуелсіздіктің жиырма жылы қазақ тілінің дамуына және тілдік мәдениеттің жаңғыруына қайталанбас мүмкіндік берді. Бұл жағдай тарихи Отанынан шалғайдағы барлық қазақ диаспорасын біріктіруге және біртұтастандыруға ықпал етті.

Уақыт шақыруларының өзгеруі шетелдік диаспорамен ынтымақтастықтағы және оның мәдени, ағартушылық, рухани, ақпараттық қолдаудағы жаңа жолдарының қалыптасуын талап етеді.

Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы мемлекетіміздің жария дипломатиясын жүзеге асырушы механизм ретінде жетілдіру қажеттілігі бүгінгі заман талабы, яғни Дүниежүзі қазақтар қауымдастығы арқылы шетелдік бұқара аудиторияға мемлекетімізді танытып, насихаттап, қарапайым қоғам деңгейінде де ынтымақтастыққа қол жеткізілуі керек.

Түйін сөздер: жария дипломатия, «жұмсақ күш», ұлттық мүдде, ұлттық қауіпсіздік, мемлекет имиджі, құндылықтар, ұзақ мерзімді қатынастар.

K.N. Makasheva, A.M. Khairuldayeva

**World Association of the Kazakhs as a mechanism of the implementation of public diplomacy
of Republic of Kazakhstan**

Under current conditions enhances the role of non-military methods and information technologies in the foreign policy of states. Given the increasing role of the image of the state and other actors of international relations in the political process is growing scientific interest in the problem of image formation by means of public diplomacy. Public diplomacy is related to the «soft power» of the state, which, according to Joseph Nay has three sources: his political activities, culture and values. Public diplomacy involves the establishment of long-term relationships, creating favorable conditions for public policy. One can distinguish three phases or dimensions of public diplomacy. The first dimension - daily communication, explaining the essence of solutions in domestic and foreign policy. The second dimension - a strategic dialogue like a political campaign. The third dimension of public diplomacy includes the development of strong relationships with

key individuals over many years or even decades. Thus, public diplomacy is an action aimed at building long-term relationships, the protection of national foreign policy objectives and a better understanding of the values and institutions of self-government abroad. Public diplomacy protect national interests and ensure national security through the study of attitudes of foreign public opinion, informing him and the impact on those who view it generates.

Keywords: public diplomacy, «soft power», national interests, national security, image of the state, values, long-term relationships.

К.Н. Макашева, А.М. Хайрулдаева

Всемирная Ассоциация казахов как механизм реализации публичной дипломатии Республики Казахстан

В современных условиях повышается роль невоенных методов и информационных технологий во внешней политике государств. Учитывая повышение роли имиджа государства и иных акторов международных отношений в политических процессах, возрастает научный интерес к проблеме формирования имиджа средствами публичной дипломатии. Публичная дипломатия связана с «мягкой властью» государства, который, по мнению Джозефа Найя, имеет три источника: его политические действия, культура и ценности. Публичная дипломатия предусматривает налаживание долгосрочных взаимоотношений, создающих благоприятные условия для государственной политики. Можно отметить три измерения или этапов публичной дипломатии. Первое измерение – ежедневное общение, разъяснение сути решений во внутренней и внешней политике. Второе измерение – это стратегическое общение подобно политической кампании. Третье измерение публичной дипломатии включает в себя развитие крепких взаимоотношений с ключевыми личностями в течение долгих лет и даже десятилетий.

Таким образом, публичная дипломатия представляет собой действия, нацеленные на строительство долгосрочных отношений, защиту целей национальной внешней политики и лучшего понимания ценностей и институтов собственного государства за рубежом. Публичная дипломатия защищает национальные интересы и обеспечивает национальную безопасность посредством изучения настроений иностранного общественного мнения, информирования его и воздействия на тех, кто это мнение формирует.

Ключевые слова: публичная дипломатия, «мягкая сила», национальные интересы, национальная безопасность, имидж государства, ценности, долгосрочные отношения.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастарда дәстүрлі дипломатия түсінігі трансформациялануда деуге болады, яғни кейбір зерттеушілер дипломатия мемлекеттер және олардың жетекшілері арасындағы қарым-қатынас туралы ғылым деген дәстүрлі тұжырымнан бас тартуға тура келетіндігіне назар аударады. Бұл мәселе қазіргі халықаралық қатынастар саласындағы қоғамдық лексиконға «жария дипломатия», «жұмсақ күш» ұғымдарының белсенді қолданысқа түсуімен байланысты. Жария дипломатия, жұмсақ күш ұғымдарына деген халықаралық қауымдастық назарының артып отырғандығын қазіргі замандағы ақпарат рөлінің жоғарылауымен, кейбір зерттеушілер айтпақшы, «ақпараттық соғыстардың» жандануымен түсіндіруге болады.

Көршілес Ресей Федерациясында да кейінгі кездері «жария дипломатия», «жұмсақ күш» ұғымдары өзектілікке ие болды деп айтсақ қателеспейміз. Оның дәлелі ретінде, 2012 жылдың 18 маусымында Ресейдің халықаралық істер бойынша кеңесінде РФ Президенті В. Путин қатысуымен болған қоғамдық дипломатия туралы «дөңгелек үстел» өткізілуі, Мәскеу мемлекеттік лингвистикалық университетінде қоғамдық дипломатия мамандарын даярлау ісі жолға қойыла бастағанын, аталмыш университетте «Саясаттанушы» студенттер үшін «Қоғамдық дипломатия негіздері», «Халықаралық қатынастар» мамандығы студенттері үшін «Ресейдің дипломатиясы» пәндерінің оқу бағдарламасына енгізілгенін және т.б. айтуға болады. Ал Ресей Федерациясы Президенті

В.В. Путин 2012 жылы ақпанда жарияланған «Россия и меняющийся мир» атты мақаласында «жұмсақ күшті» «сыртқы саяси мақсаттарға қару қолдану арқылы емес, ықпал етудің ақпараттық және басқа да рычагтары арқылы қол жеткізудің әдістері мен құралдары» ретінде баға береді [1].

Алып көршіміз Қытай Халық Республикасында да халықтық дипломатия саясаткерлер мен зерттеушілер назарынан тыс қалып жатқан жоқ және тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де әрекет етіп жатқанына өз елімізде де белсенді қызмет атқарып жатқан Конфуций институты дәлел бола алады.

Еуропалық Одақтың Германия, Франция сияқты жетекші мемлекеттері әлемнің түкпір-түкпірінде Гете институттары мен Француз альянстарын ашу арқылы жария дипломатияны тек теория жүзінде талдап қана қоймай, «жұмсақ күш» арқылы қанша уақыттан бері әлемге ықпал етіп келеді, яғни өздерінің беделі мен абыройын асқататуда.

Жекелеген мемлекеттер ғана емес, халықаралық ұйымдардың да, атап айтсақ, НАТО блогы сияқты әскери әлеуеті артып отырған ұйым да өзінің «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламалары арқылы қоғамдық дипломатияны тиімді пайдалану үстінде.

Қазіргі әлемде әскери күші, саяси ықпалы жоғары елдер «жұмсақ күш» терминін ауызша айтып қана қоймай, оған қолданбалы сипат беруге ұмтылады және белгілі бір дәрежеде нәтижелерге қол жеткізу үстінде деуге болады. Себебі халықаралық сахнадағы мемлекеттің «жұмсақ күші» қоғамдағы жеке адамның абыройына тең, яғни бедел мен тартымдылық арқылы жеке адамның шешімі қоғамда салмаққа ие болса, жұмсақ күш арқылы халықаралық қауымдастықта өзін насихаттаған елдің де даулы мәселелердегі рөлі басым.

Халықаралық қатынастар теориясына «жұмсақ күш» терминін алғаш рет енгізген қазіргі америкалық неолибералистік мектеп өкілі Гарвард университетіндегі Дж. Кеннеди атындағы Басқару мектебінің деканы Джозеф Най. 1990 жылы жарық көрген «Жетекшілікке шақыру: америкалық күштің құбылмалы табиғаты (Bound to Lead: the Changing Nature of American Power)» еңбегінде «жұмсақ күш» (soft power) ұғымын енгізіп, анықтама берсе, 2003 жылғы АҚШ-тың Иракқа әскер енгізуінен кейін жарық көрген «Жұмсақ күш. Әлемдік саясатта

табысқа қалай жетуге болады (Soft Power: The Means to Success in World Politics)» еңбегінде «жұмсақ күш» (soft power) ұғымын әрі қарай дамытып, жетілдіре түсті. Дж. Най бойынша, «жұмсақ күш» – қалағаныңа мәжбүрлеу арқылы емес, тартымдылықпен, қызықтыра отырып қол жеткізу қабілеті, яғни билік материалдық, күштік ресурстарға емес, идеялардың тартымдылығына, мәдениет, идеология, үкіметтік емес институттарға халықаралық қатынастарда барынша назар аударуы қажет екен. Ықпал етудің «жұмсақ күші» сәйкесінше, әдетте әскери күш-қуат және экономикалық әлеует сияқты материалдық ресурстармен байланысты «қатаң күшке» қарама-қарсы ұғым болып табылады, бірақ екеуінің де міндеті халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде басқа акторлардың мінез-құлқына ықпал ету арқылы алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу. «Жұмсақ күш» пен «қатаң күш» арасындағы қарама-қарсылық сипат олардың тарапынан қолданылатын құралдарда. «Қатаң күш» өз еркін басқаларға күшпен таңу, еріксіз мәжбүрлеу арқылы (экономикалық ресурс немесе күш қолдану қаупі) мақсатына қол жеткізетін болса, «жұмсақ күш» сыртқы саяси акцияларды келісу арқылы және ынтымақтастыққа қызықтыра отырып тарту арқылы алдыға қойылған мақсаттарын жүзеге асырады. «Жұмсақ күштің» мемлекет саясатына, елдің үкіметіне тәуелділігі төмен, ал «қатаң күш» саяси билікке тікелей тәуелді.

Дж. Най пікірінше, «жұмсақ күш» әлеуетін көтеру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады, «қоғамдық дипломатия» немесе «жария дипломатия» «жұмсақ күш» тұжырымын іске асырудың ең тиімді формалары болып табылады. Жария дипломатияны жүзеге асыруда ақпараттық ресурстар және ақпарат ағынына бақылау жасау негізгі рөлді атқарады. Джозеф Най кез келген мемлекеттің жұмсақ күшінің үш бастауын атайды: оның іс-әрекеттері, мәдениеті және құндылықтары. Дж. Най бойынша жария дипломатияның үш өлшемі бар. Біріншісі – мемлекеттің сыртқы саяси акцияларын күнделікті, бағытталған түрде жариялап отыру; екіншісі – «стратегиялық байланыс», яғни мемлекет үшін маңызды тақырыптарды талқылау; үшіншісі – шетелдік аудиториямен түрлі ғылыми стипендиялар мен гранттар арқылы, айырбас бағдарламалары арқылы тікелей байланысты дамыту, осындай бағдарламалар арқылы шетелдік

азаматтар белгілі бір мемлекетпен танысуға мүмкіндік алады [2].

Қазақстан Республикасында «жұмсақ күшті» жария дипломатия арқылы пайдалану жүйелі түрде жолға қойылмаған. Сондықтан біздің еліміз үшін «жұмсақ күш» және «жария дипломатия», «құжымдық дипломатия» түсініктерін зерттеу, оны іс жүзінде пайдалану жүйелі механизмін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі.

Полиэтностық Қазақстанда ішкі бірлік пен тұрақтылықты сақтау мақсатында құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы, оның құрамындағы этно-мәдени бірлестіктер, әсіресе Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының ішкі мәнінен қарағанда, сыртқы саясат пен халықаралық аренадағы бағыттарын айқындап, басқа мемлекеттер қоғамдарымен диалог орнатудағы негізгі институттарға айналдыру жұмыстарын жолға қойып, халықаралық сахнада «жұмсақ күшпен» ықпал етудің жария дипломатиялық элементіне айналдырудың мәні зор деп санауға болады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – ішкі мәндегі, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме. Бірақ Ассамблея туралы мемлекеттік күші бар Заңдарға, Ережелерге жіті көз жіберсек, аталмыш құрылым міндеттерінде оның сыртқы міндеттері жатады:

- елде және шетелдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау;
- шетелдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланыстарын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету;
- этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- Қазақстанның басқа да этностарына өздерінің тарихи Отанымен байланысын дамытуға жәрдемдесу;
- этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім үлгісін елде және шетелдерде насихаттайды [3].

Жоғарыда келтірілген заң тармақтары жария дипломатия заңдылықтарын басшылыққа алып жасалмағанымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында жария дипломатия қызметін

атқарушы мекеме ретінде заңдық негізде белгіленгенін дәлелдейді және осы бастаманы әрі қарай жетілдіріп, дамыту, Ассамблеяның рөліне мемлекетіміздің ұлттық мүддесін қамтамасыз етудегі ішкі рөліне ғана емес, сыртқы саясаттағы орнына да басымдық беру қажет.

Ал Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған этномәдени орталықтардың Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметіне қосып келе жатқан үлесін бірнеше бағыттарға бөліп қарастыруға болады:

- шетелдермен мәдениет саласындағы қарым-қатынастарды дамытуға атсалысу;
- ғылым-білім саласындағы байланыстарды дамытуға үлес қосу;
- әлеуметтік-экономикалық саладағы қатынастарды дамытуға қатысу;
- миграциялық мәселелерінің дұрыс шешілуіне жәрдемдесу.

Осындай бағыттарды жүзеге асыру барысында қолданылатын жұмыс әдістері төмендегідей:

- көкейкесті мәселелер бойынша халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, симпозиумдар, мәжілістер өткізу;
- шетелдерде кіші құрылтайлар шақыру;
- өнер, кітап көрмелерін ұйымдастыру;
- шетелдердің жоғары оқу орындарына этномәдени орталықтар атынан білім алуға жастарды жіберу;
- тіл үйрету мақсатында шетелдерден волонтерлерді тарту;
- шетелдегі қазақтардың өнерін Қазақстанда насихаттап, таныту;
- босқындарға гуманитарлық көмек көрсету және оларды тіркеу мәселелерін реттеу және т.б.

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған этно-мәдени бірлестіктер екі түрлі сипаттағы қызмет атақарады деп бағалауға болады, біріншіден, Қазақстан аумағындағы өз этностарына мәдени-рухани қолдау көрсету, өркениеттік жаңғырту болса, екіншіден, басқа мемлекеттердің диаспоралары ретінде өз тарихи Отандарының жария дипломатиялық миссиясын атқарып отыр, яғни осы этно-мәдени бірлестіктер арқылы біз белгілі бір мемлекеттер тұратын этностар мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі туралы мағлұматтар алып, оларды тереңірек танымыз.

Ассамблея жанындағы этно-мәдени бірлестіктер арасындағы Дүниежүзі қазақтарының

қауымдастығын Қазақстан Республикасының шетелдердегі жария дипломатиясын жүзеге асырушы механизмге айналдыру қажет.

Дүниежүзінің қазақтары қауымдастығы – 1992 жылғы Алматыда өткен Әлем қазақтарының Құрылтайы ұйғарымымен құрылған республикалық мәртебедегі халықаралық үкіметтік емес ұйым. Қауымдастық өз Жарғысы бойынша шетелдердің мемлекеттік мекемелерімен, қоғамдық ұйымдарымен, мәдени, ғылыми орталықтарымен байланыс жасауға құқылы [4].

Қауымдастық құрылған уақыттан бері сыртта жүрген қандастарымыздың күнделікті тыныс-тіршілігінің барлық салаларына қатысты мәселелермен шұғылданып келеді. Өзге мемлекеттердегі қазақ диаспорасымен сансалалы байланыстарды жетілдіруді өз қызметінің негізгі өзегі деп санайды. Қауымдастық осы кезге дейін төрт Әлем қазақтарының құрылтайын ұйымдастырды. Құрылтайлар барысында әлемнің 30-дан астам елінен қазақтар келіп қатысқан. Қауымдастықтың әлемнің 19 мемлекетінде бөлімшелері мен өкілдіктері бар. Болашақта мұндай бөлімшелер мен өкілдіктер қазақ диаспорасы бар мемлекеттердің барлығында құрылмақ [5].

Қауымдастық шетелдердегі мәдени өкілдіктерімен тығыз байланыста жұмыс жүргізіп, сырттан келген қазақ өнері мен мәдениетінің, белгілі қайраткерлерін Қазақстанға танытуда да еңбек етіп келеді. Олардың қатарында әншілер Майра Мұхамедқызы, Хаблаш Әбікейұлы, Тілеубек Қожанұлы, Гүлзира Бөкейхан, биші Шұғыла Сапарғалиқызы, суретші Өмірзақ Рыстан болса, кәсіпкерлер Фарид Мерхамитқызы, Талғат Мамыр, Жеңіс Түркия, Нуриддин Ишан сияқты азаматтар Отандық бизнесті дамытуға үлес қосып келеді.

Қауымдастықтың «Атажұрт» баспа орталығы сырттағы қазақ диаспорасының ақын-жазушылары, ғалымдарының рухани қазыналарын басып шығарып, республика халқына жетуіне дәнекер болып отыр, атап айтсақ: Қажығұмар Шабданұлының «Пана», 6 томдық «Қылмыс» романдары, Зардыхан Қинаятұлының «Моңғолиядағы қазақтар», Жақсылық Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар», Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел», Сұлтан Жанболатовтың «Елжау Күн би» тарихи романын, қытай ғалымы Су Бихайдың «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты зерттеу

еңбегін және т.б. көптеген құнды шығармаларды басып шығарды [6].

Қауымдастық, сондай-ақ шетелдерде ғұмыр кешкен өнер, ғылым саласындағы қандастарымызды еске алу шараларын, мерейтойларды да көптеп ұйымдастырады.

Шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанда білім алуы үшін квоталарға мемлекетке тапсырыс жасау, оларды бөлу, бір сөзбен айтқанда, бар жағдайларды жасайды.

Дегенмен де қауымдастық тарапынан жасалынатын жоғарыда аталған іс-шаралар, яғни шет мемлекеттердегі қандастарымызға Қазақстан аумағында қолдау көрсету жекелеген қоғамдық қорлардың тарапынан да ұйымдастырылуға болатын іс-шаралар болып саналады. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы атқарып отырған қызметтер республика аумағындағы құзырлы органдардың арнайы комитеттеріне жүктелуі тиіс, ал Қауымдастықтың сыртқы саясаттағы орны қайта айқындалып, рөлі күшейтілуі қажет.

Қауымдастықты мемлекетіміздің жария дипломатиясын жүзеге асырушы механизм ретінде жетілдіру қажеттілігі бүгінгі заман талабы, яғни Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы арқылы шет елдік бұқара аудиторияға мемлекетімізді танытып, насихаттап, қарапайым қоғам деңгейінде де ынтымақтастыққа қол жеткізілуі керек. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін Дүниежүзі қазақтар қауымдастығының рөлі қайта қаралып, оның құзыреттіліктері арттырылуы тиіс:

- Дүниежүзі қазақтары қауымдастықтарының шетелдердегі 19 бөлімше ғана қызмет етіп қоймай, қазақ диаспорасы өмір сүретін барлық мемлекеттерде Дүниежүзі қазақтарының қауымдастықтарын ашу;
- Қауымдастықтың әр мемлекеттегі бөлімшесінің әкімшілік аппаратын, нормативтік негізін қалыптастыру;
- әр мемлекеттегі бөлімшеге Қазақстан Республикасы, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы тарапынан жүйелі түрде қаржылық, рухани және басқа қолдау көрсету;
- шетелдерге Қазақстанды таныту, оның мәдени, рухани құндылықтарын таныту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу, атап айтқанда:
 - әр бөлімше жанынан қазақ тілін үйрету курстарын ұйымдастыру; қазақ ақын-жазушыларының кітаптарынан кітапхана ашу;
 - қазақ музыкалық туындыларының аудио-бейне залдарын ашу;

- шағын кинозалдарды жарақтандырып, ай сайын сол мемлекет тілінде немесе субтитр арқылы қазақ киносын, Қазақстан табиғаты туралы, жетістіктері туралы деректі фильмдерді көрсету;
- қазақ ұлттық тағамдарын дайындайтын

шағын дәмханалар ұйымдастыру;

- Қазақстандағы айтулы мерекелер кезінде салтанатты іс-шаралар өткізіп тұру;
- Қазақстандағы өнер адамдарының концерттік шараларын, өнер көрмелерін, сән көрсетілімдерін жүйелі түрде ұйымдастырып отыру.

References

- 1 Putin V.V. Rossiya i menyayushiisya mir //http: //putin2012.ru
- 2 Joseph S.Nye. Soft Power: The Means to Success in World Politics. – New York: Oxford University Press, 1990. – 198 p.
- 3 Kazakstan Respublikasinin Kazakstan halki Assambleyasi turali zan // Egemen Kazakstan. – 2008. –21 kazan
- 4 Duniejuzi kazaktari kauimdagiginin Jargisi // http://www.kazaktar.kz
- 5 Sonda.
- 6 Togjanov E.L., Kan G.V., Korbkov V.S. , Shayahmetov N.U. Kazakstan halki Assambleyaci: tarihi ocherk, «Raritet», 2010. – 240 b.